Докторант Гауһар Айтбекқызы Жұмабекованың «Қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзі» атты тақырыптағы «6D050400 – журналистика» мамандығы бойынша философия ғылымдарының (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына рецензент

П І К І Рі

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Гауһар Жұмабекованың диссертациясымен толық танысып шықтым. Ғылыми зерттеу өзекті тақырыпқа арналған екен. Бүгінде рухани жаңғыру идеологиясында қазақ ақын-жазушылары шығармашылығының алар орны зор. Диссертант жалпы көсемсөз теориясы, тарихы, тәжірибесі туралы еңбектерді, тақырыпқа қатысты барлық әдебиеттерді тиянақты түрде зерделеп шыққан. Соның нәтижесінде оның теориялық дайындығы жоғары деңгейде көрініс берген.

Ұлттық көсемсөз кеңістігіндегі тарихи зәрулік және тәуелсіздік ұстанымы, Қазақ көсемсөзі жаңа дәуір өрісінде, Тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөз: тақырыптық және формалық ізденістер атты үш бөлімде бірнеше тараулар қамтылған. Негізінен Әбіш Кекілбай, Мұхтар Мағауин, Марат Қабанбай, Дидахмет Әшімхан, Оразбек Сәрсенбаев, Сәкен Иманасов, Есенғали Раушанов, Нұрлан Оразалиннің көсемсөз туындыларына тоқталып, олардың әрқайсысының тақырыптық, жанрлық, көсемсөздік ерекшеліктеріне назар аударады.

Мәселен, Әбіш Кекілбай шығармашылығындағы ел мен жер философиясы, Мұхтар Мағауин толғаныстарындағы тұлға мен қоғам қарым-қатынасы, Марат Қабанбай көсемсөздігіндегі әлеуметтік мәселелер тоғысы, Дидахмет Әшімхан туындыгерлігіндегі ұлттық психологизм иірімдері, Оразбек Сәрсенбаев пьесаларындағы қазақ руханиятының болмыс-бітімі, Сәкен Иманасов шығармашылығындағы заман мен замандас бейнесі, Есенғали Раушановтың натуралистік очерктеріндегі сыршылдық пен суреткерлік, Нұрлан Оразалиннің сұхбат, жол сапар очерктеріндегі жаңа серпін ашылады.

Біріншіден, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының талап-сұранысына тікелей жауап бере алатындығымен құнды.

Екіншіден, қазақ ақын-жазушылары көсемсөзінің қоғам дамуына ықпал әсерінің зор болуына орай, мемлекеттік және ғылыми үлкен сұранысқа ие.

Бұрын аз зерттелген танымал ақын-жазушылардың көсемсөзін бүгінгі көзқарас тұрғысынан қарастырып, зерттеу – тың тақырып екендігі ақиқат. Сондай-ақ, бұл зерттеудің осы салада қызмет атқаратын болашақ мамандар үшін маңызы зор.

Зерттеу жұмысының хронологиялық ауқымы

– 1991-2018 жылдар аралығындағы «Егемен Қазақстан», «Жұлдыз», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас Алаш», «Жас қазақ» мерзімді басылымдарындағы мақалалар негізге алынған.

2. Диссертацияның ғылыми нәтижелері және оның негізделуі.

Бірінші нәтиже. XXI ғасырдағы отандық журналистиканың ұлттық құндылықтар жүйесіндегі қазақ көсемсөзінің орны мен рөлі анықталған.

Екінші нәтиже. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ көсемсөзінде соны көзқарастарымен, жаңа жанрлық мәтіндерімен танылған Ә.Кекілбай, М.Мағауин, М.Қабанбай, Д.Әшімхан, О.Сәрсенбаев, С.Иманасов, Н.Оразалин, Е.Раушанов көсемсөзіндегі жаңа дәуір өрісіндегі тенденцияларға, тақырыптық және формалық ізденістерге толыққанды, терең байламдар мен жан-жақты талдаулар жасалған.

Үшінші нәтиже. Заманауи қазақ көсемсөзі қайнар бастау бұлағын сонау «мәңгілік жазудан» түркі жазба ескерткіштерінен нәр алып, қазақ хандығы тұсындағы Қазақ Ордасы, Алаш Орда үкіметі және қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның «Мәңгілік ел» идеясына ұласатынын, осыдан келіп дәстүр тағылымы, дәстүр сабақтастығы мен жалғастығы келіп шығатынын жаңаша пайымдалған.

Төртінші нәтиже. Қазақ көсемсөзі кеңістігін жаңа ұғымдармен толықтырып, оларды жанрлық мәтіндер арқылы дәлелдеген.

Бесінші нәтиже. Қазақ ақын-жазушылары көсемсөзіндегі парадигмалардың себеп-салдарын анықтаған және саралаған.

Алтыншы нәтиже. Интеграциялық, пәнаралық байланыстың маңыздылығын айқындауда көсемсөз материалдарына иек артып, талдап, сараптаған.

Жетінші нәтиже. Көсемсөзшілердің тәуелсіздік жылдарындағы тақырыптық және формалық ізденістері, креативті байламдары мен концепциялары анықталған.

3. Әр нәтиженің (ғылыми қағиданың), ізденуші диссертациясы тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және академиялық шынайылық дәрежесі.

Бірінші нәтиже. Қазіргі көсемсөз ұғымының теориялық базасы мен қолданбалық соны өрісі айқындалған.

Екінші нәтиже. Заманауи қазақ көсемсөзіндегі әлеуметтік шындық пен журналистің шығармашылық «менінің» әлемдік ақпараттық кеңістікпен үйлесімі сипатталған.

Үшінші нәтиже. Тәуелсіздік жылдары қазақ көсемсөзінің кемелденуіне ақын-жазушылардың қосқан санаткерлік үлесі талданған.

Төртінші нәтиже. «Мәңгілік ел» идеясы және бүкіл түркілік ынтымақтастық бағыттары–ұлттың зияткерлік, рухани, мәдени, әдеби, саяси-экономикалық, халықаралық қатынастың дамуының іргетасы сипатталған.

Бесінші нәтиже. Ұлттық көсемсөз кеңістігі және публицистер жанрлық мәтіндеріндегі өткен мен бүгін бірлігінің траекториялары анықталған.

Алтыншы нәтиже. Қазақ көсемсөзінің жаңа дәуір өрісіндегі ғылыми-танымдық, тарихи, ұлттық құндылық ретіндегі сипаты ашылған.

Жетінші нәтиже. Тәуелсіздік кезеңіндегі ақын-жазушылардың жанрлық мәтіндеріндегі парадигмалық ерекшеліктерінің көріністері ұсынылған.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші нәтиже салыстырмалы түрде жаңа деп айтуға болады. Аталмыш тақырып тұңғыш рет зерттеу нысаны, жеке тренд ретінде қарастырылған.

Екінші нәтиже жаңа болып табылады. Көсемсөзге алғаш рет зияткерлік, руханият, ұлттық сана, мәдени, саяси-әлеуметтік, ұлттық мінез-құлық, ислам философиясы, тұлғатанымдық, саяси-экономикалық сана, экологиялық көзқарас сынды парадигмалар ұсынылған.

Үшінші нәтиже де жаңа болып табылады. Индивидуализм мен ұжымшылдық мәселелерінен жеке бастық «замансөздегі эгоцентризм» ұғымы анықталған.

Төртінші нәтиже жаңа болып табылады. Өзге жұрттық ықпал-әсердің салдарынан әлеуметтік салада болып жатқан психологиялық трансформация құбылысын айқындаудың публицистік тәсілдеріне «қазіргі замансөздегі ұлттық психологизм» деген атау берілген.

Бесінші нәтиже ішінара жаңа болып табылады. М.М.Бахтиннің жанрлар болмыс бітімі туралы теориясын ілгерілете келе рисала пішінінің қазақ топырағына сіңісу процесінің өзгешеліктері айқындалған. Және ежелден қалыптасып қалған кейбір адамгершілік ұғымдарға (мысалы, нәпсі) толықтыру енгізілген.

Алтыншы нәтиже жаңа болып табылады. Замандастар портреті һәм дәуір үндестігінен замансөз ағымы мен ой ағымы синтезін қосарлай өріп шығарылған. Бұл шығармашылық өнімге «инновациялық замансөз үдерісі» деген атау берілген.

Жетінші нәтиже жаңа болып табылады. Әр қаламгердің ешкімге ұқсамайтын өзіне тән психологиясымен қоса жазу мәнері мен стилін айқындайтын «папилляризм стилистикасы» атауымен сипатталған.

Мені қуантқан – диссертант өзі зерттеп отырған тақырыпты жан-жақты меңгерген. Қоғамдағы негізгі мәселелерге арналған басқа да көптеген ақын-жазушылардың мақалаларына да тоқталады. Өз тақырыбын ашу үшін көптеген ізденістерге барған. Сонымен қатар, диссертацияның қосымшасында келтірілген қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік

жылдарындағы көсемсөз контентінің негізгі түйіндері, Есенғали Раушановтан, Нұрдәулет Ақыштан, Нұрлан Оразалиннен алған сұхбаттарының да маңызы зор.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Зерттеудің теориялық нәтижелерін тек журналистика саласында ғана емес, әдебиеттану, тарих, әлеуметтану, мәдениеттану салаларына арнаулы курстар мен семинарларда оқу материалы ретінде қолдануға болады. Сондай-ақ оқу құралы, оқулық дайындап, жоғары оқу орындарында «Қазақ көсемсөзінің инновациялық табиғаты», «Тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық көсемсөз» сияқты элективті пән ретінде оқытуға болады.

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ көсемсөзін кешенді оқыту, оқытудың креативті, кейстік жолдарын қалыптастыру, арнаулы онлай курс ретінде оқу бағдарламасын жасау, мультимедиялық контентпен толықтыру. Оқыту әдістемесі ретінде «Қазақ көсемсөзін оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері», «Көсемсөзді кейс-стади (case study) технологиясын қолдану арқылы оқыту» атты оқу-әдістемелік құралдарын шығаруға болады.

6. Автордың даралық принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі.

Ізденушінің мақсаты айқын, міндеті анық, тақырыбы нақты және оның зерттелу деңгейінің жоғары, кәсіби мамандық тәжірибесінің молдығы, тікелей осы салада дәріс оқуы – зерттеліп отырған тақырыбының құрылымын дұрыс құруға, соған сай мәселені анық қоя білуіне, дерек көзіне сүйене отырып, пікірін ішкі бірлікте өрбітіп, мазмұн тұтастығын сақтай дамытуға тікелей игі ықпал жасаған. Зерттеуші ұлттық көсемсөз кеңістігіндегі тарихи зәрулік және тәуелсіздік ұстанымын ашып көрсетеді. Ақын-жазушылар ой-санасындағы парадигмалар ауысымын жанрлық мәтіндерден айқындай біледі. Зерттеуге арқау болған Ә.Кекілбай, М.Мағауин, О.Сәрсенбаев, С.Иманасов, Е.Раушанов, Н.Оразалиндер Кеңес өкіметі заманында партия қатарында болған адамдар ретінде олардың Тәуелсіздік алғаннан кейінгі өзгерген ой-санасын шығармалары арқылы ашуға тырысады. Диссертацияның ішкі бірлігі Ұлттық көсемсөз кеңістігіндегі тарихи зәрулік және тәуелсіздік ұстанымы, Жаңа дәуір өрісіндегі қазақ көсемсөзінің эволюциясы, Тәуілсіздік жылдарындағы көсемсөз: Тақырыптық және формалық ізденістер деген тараулар арқылы ішкі мазмұнды сақтай отырып жүйеленген. Автордың даралық принципі – оның зерттеу объектісіне алынған ақын-жазушылар публицистикасының алғаш рет ғылыми айналымға енгізілуінде.

7. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы.

Диссертацияның апробациядан өтуі ойдағыдай. Ғылыми ізденіс барысында диссертант отандық және шетелдік басылымдарда, түрлі халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда баяндамалар жасаған, 13 ғылыми мақала жариялаған. Оның ішінде скопус (Scopus) базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымда 1 мақала, ҚР БҒБ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 5 мақала, отандық, шетелдік халықаралық конференциялар басылымдарында 6 мақала және шетелдік халықаралық журналда 1 мақала жариялаған. Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасында талқыланып, сараптамадан өткен және қорғауға ұсынылған.

8. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныс-пікірлер.

Диссертацияның кейбір жерлерінде тыныс белгілік, әріптік қателер кездеседі. Бұл ескертпелер зерттеушінің болашақтағы жұмыстарын жетілдіре түсуге септігі тисін деген ниетпен айтылған. Олар диссертацияның мазмұнына, ғылыми-танымдық маңыздылығына, нәтижелерінің бағасына еш нұқсан келтірмейді.

9. Зерттеу жұмысының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертация жоғары теориялық деңгейде жазылған және қолданбалы сипатқа ие. Жұмыстың ішкі бірлігі бар және ғылыми нәтижелері жинақталған. Жоғары айтылғандарды негізге ала отырып, аталмыш диссертация ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережелерінің» 2 бөлімінің талаптарына сәйкес келеді. Ал оның авторы Жұмабекова Гауһар Айтбекқызының 6D050400 – Журналистика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық деп санаймын.

Қазақстан Жазушылар одағы
Басқарма төрағасының орынбасары,
филология ғылымдарының докторы,
профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі **Бауыржан Жақып**